

Раздел 7 : Экономические науки

7.1 Секция аталуы: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

7.1 Название секции: НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

7.1 Economic science: INDEPENDENT KAZAKHSTAN: CURRENT STATE AND CURRENT PROBLEMS OF ECONOMIC DEVELOPMENT

УДК 338.465.4

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫН УЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Абдрахманова Жаннур Сериковна

abdrakhmanova.zhannur@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» мамандығының докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Т.Карипова э.ғ.к., доцент

Сандық жүйе - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың барлық аумағына оның ішінде жаһандық деңгейде денсаулық сақтау саласына ауқымды өзгеріс әкеліп, медициналық көмектің сапасын, оның қолжетімділігін және экономикалық тиімділігінің артуына септігін тигізіп, өркендеуімізге жол ашты. Қазіргі заманғы әлем қарқынды өзгерістерге ұшырап жатқаны белгілі. Халық денсаулығын жақсартып, емделушінің уақытын тиімді пайдалану жолында әлем елдері дамудың тетегін цифрландырудан тауып, тиімді қолдана бастады. Оған АҚШ, Жапония, Батыс Еуропа сынды мемлекеттердің жолы үлгі. Мақалада әлем елдеріндегі денсаулық сақтау саласындағы цифрландыру жағдайына шолу жасалынады. Медициналық қызметтер сапасын арттыру шарттарының бірі электронды денсаулық сақтау жүйесін енгізу болып табылады. Қазақстан аумағында сондай-ақ республиканың барлық өңірлерінде сандық денсаулық сақтауды дамытудың бағдарламалары іске асырылуда және бұл өз кезегінде жақсы нәтиже көрсетуде.

Түйін сөздер: медициналық нарық, медициналық қызмет, электронды денсаулық сақтау, цифрландыру, шетел медицинасы

Қазіргі таңда кез-келген қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды функцияларының бірі азаматтарды сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Ел дамуының басым бағыттарының бірі - денсаулық саласы екендігі баршамызға аян. Бүгінде іске асып жатқан озық идеялар мен инновациялық бағдарламалардың басты бағыты халық денсаулығын жақсартып, медициналық қызметтер сапасын арттыру. Тұтынушы талабы - сапалы қызмет. Соңғы жылдары өндірістің, өңдеудің, қызмет көрсету саласының барлық деңгейінде, цифрландыру жүйесі енгізілуде және бұл үдеріс экономикалық дамуға айтарлықтай әсер етеді.

Экономикалық қатынастар жүйесі азаматтардың барлық стандарттарға сай сапалы әрі толық медициналық жәрдем алуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыда Елбасының жолдауында да медицинаны басқару жүйесін жетілдіру, медициналық жәрдем көрсетуді ұйымдастыру, осы жүйенің құқықтық-нормативтік базасын және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану мен осыған қатысты мемлекеттік сатып алу секілді мәселелерде елеулі өзгерістерді енгізу туралы баса айтқан болатын.

Медициналық қызметтер нарығына ақпараттандыру бүгінгі заман талабы. Бұл оның жаңа жағдайда жұмыс істеуі мен дамуы туралы теориялық идеяларды дамытуды талап етеді, өйткені болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы қолданыстағы теориялық көзқарастардың тез ескіруіне әкеледі. Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, халықтың лайықты өмір сүру деңгейі мен сапасын қамтамасыз ету медициналық қызметтердің дамыған нарығының ғылыми тұрғыда негізделуін талап етеді.

"Медициналық қызметтер нарығы" ұғымын анықтауда әр түрлі көзқарастар бар. Кейбір авторлардың пікірінше, медициналық қызметтер нарығы - бұл өзара қарым-қатынас, жеке шешім қабылдайтын шаруашылық субъектілері арасындағы байланыс нысаны [1]. Басқалардың пікірінше, бұл жеке тауарлар мен қызметтерді сатып алушылар мен сатушыларды (жеткізушілерді) біріктіретін институт немесе механизм, олардың арасында тауарлар мен қызметтерді айырбастауға байланысты экономикалық қатынастар пайда болады, нәтижесінде сұраныс, ұсыныс және баға қалыптасады. Үшіншіден, медициналық қызметтер нарығын, бір жағынан, бәсекеге қабілетті экономика жағдайында жүзеге асырылатын барлық медициналық технологиялардың, медициналық техниканың, медициналық қызметті ұйымдастыру әдістерінің, фармакологиялық құралдардың жиынтығы ретінде, екінші жағынан, медициналық қызметтердің қолданыстағы және әлеуетті өндірушілері мен тұтынушыларының жиынтығы ретінде анықтауға болады [2].

Біздің пайымдауымызша, Н.Г. Малахова берген медициналық қызметтер нарығын анықтауда делдалдық ұйымдар мен медициналық қызметтерді тұтынушылардың рөлі басты болды. Осыған байланысты медициналық қызметтер көрсету кезінде делдалдық қызметтер көрсететін пациенттер (тұтынушылар) мен ұйымдардың (міндетті медициналық сақтандыру қоры, ерікті медициналық сақтандыру қорлары, сақтандыру компаниялары және т.б.) өзара іс - қимылындағы рөлі анық айқындалмаған. Біздің ойымызша, кез-келген нарықтың негізгі субъектілері тұтынушылар мен тауарлар мен қызметтерді өндірушілер болып табылады [3].

Қазіргі таңда елімізде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық үрдістерді реттеу тәжірибесі, нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесіне сүйеніп отыр. Бірақта посткеңестік елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктеріне байланысты, дамыған елдердің денсаулық сақтау моделдерін түп нұсқасына дейін көшіріп алу біздің елдің әлеуметтік- экономикалық ерекшеліктеріне байланысты орынсыз болып отыр.

Медициналық қызмет көрсетуде денсаулық сақтауда нарықтық қатынастар дамуының маңызды аспектілерінің бір - кәсіпкерліктің дамуы. Жалпы кәсіпкерлік түсінігі бойынша медициналық қызмет көрсету — пайда табу мақсатындағы экономикалық іс-әрекет жиынтығын білдіреді.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі экономикалық қатынастардың ерекшелігі қоғамның әлеуметтік саясатымен тығыз байланысты. Әлеуметтік қызмет көрсету сферасындағы экономикалық қатынастар осы саладағы нарықтық іс-әрекеттердің ерекшелігін анықтайды. Ол қоғамдағы әлеуметтік және құқықтық үрдістердің динамикасымен байланыста қарастырылады.

Бүгінгі күнде мемлекеттік меншік формасындағы ұйымдарда медициналық қызмет көрсетіп отырған ұйым мемлекеттің өзі болып отыр.

Бүгінде әлемдік денсаулық сақтау жүйесінде экономикалық дамыған мемлекеттердің денсаулық сақтау жүйелері (дәлірек айтсақ үлкен жетілікке кіретін елдер: АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция, Алмания, Италия, Жапония) өзіне баса назар аудартады. Бұл елдердің денсаулық сақтау жүйелерінде қызмет көрсетудің барлық формаларын кездестіруге болады. Олар: жеке медициналық тәжірибе, мемлекеттік территориялық және ведомстволық медицина, сақтандыру медицинасы, қоғамдық ұйымдардың медициналық қызметі.

Кейбір елдер үшін (АҚШ) нарықтық бастамада алғашқы орынды иеленсе, Батыс Еуропа елдері үшін жоспарлы реттеу жұмысы негізге алынып отыр, ал Жапония үшін ұлттық дәстүр медицинада кеңінен қолданыс табуда. Сонымен қатар, жаңа индустриалды елдердің денсаулық сақтау жүйелері де өз ерекшеліктерімен көңіл аудартуда. Жалпы халықтық медициналық қызмет көрсету деңгейі бойынша кейбір елдер көбіне артта қалып келгенімен, соңғы жылдары өткізіліп жатқан реформалар нәтижесінде елеулі жетістіктерге жетуде. Соның ішінде айтарлықтай жетістіктерге жеткен елдер: Азия-Тынық мұхит бассейні мемлекеттері, Латын Америкасының Мексика, Бразилия, Аргентина елдері. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде денсаулық сақтауда елеулі мәселелері бар мемлекеттер де жоқ емес. Бұларға Африка материгінің біраз мемлекеттері және Ауғанстан елдері. Аталмыш елдерде денсаулық сақтау үрдісі материалды өндірістің өзге салалары сияқты төмен деңгейде екендігін көреміз.

Бүгінде әр елдің медициналық қызмет көрсету жүйесі әр түрлі. Олар қаржыландыру жүйесі, төлемі, құрылымы, медициналық жәрдем көрсетуді қадағалау әдістерімен ерекшеленеді.

Шет елдердің медициналық қызмет көрсету жүйелерін реформалау тәжірибесі, медициналық жәрдем көрсетуге қажетті экономикалық ресурстарды тарту әдістері әр елде өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқандығын анық байқауға болады. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласының дамуы мен қалыптасуына ішкі экономикалық, саяси және өзге де күштер әсер ететіні сөзсіз. Сөзімізге мысал бола алатын елдер Испания, Португалия елдері денсаулық сақтауды ұйымдастырудың сақтандыру жүйесінен ұлттық жүйеге ауыстыруды жөн көруде.

Ерікті сақтандырудан жалпы ұлттық міндетті медициналық сақтандыруға АҚШ, Корея, Кипр, Израил, Нидерланд секілді елдер көшуде. Атап айтар болсақ, АҚШ-та жалпы халықтық сақтандыру бағдарламасы жоқ. Бұл елдің денсаулық сақтау моделі жеке меншік медициналық сақтандыру жүйесімен ерекшеленеді. Жеке меншік сақтандыру тек мүмкіндігі мол ірі компаниялардың қызметкерлерін қамтиды. Ал мүмкіндігі шектеулі, қаражаты аз азаматтарды (қарттар, мүгедектер) сақтандыру мемлекеттің мойнына артылып отыр [4].

Бүгінгі күні Шығыс Еуропа және ТМД елдерінде саяси және экономикалық дағдарыстың салдарынан денсаулық сақтау саласында мемлекеттік шығындар елеулі түрде қысқартылды. Мұндай әрекеттер осы елдерде тұрғындардың денсаулығының нашарлауына әкеліп соқтырды. Соның әсерінен ұмыт болған дерттер мен жаңа пайда болған жұқпалы дерттердің ушығуы өрши түсуде. Осының бәрі бұл елдерде денсаулық сақтау саласында жаңа стратегиялар мен реформалар жасауды және оны жүзеге асыруды талап етіп отыр.

Денсаулық сақтау жүйесін негізінен мемлекеттік қорлардан қаржыландыруды сақтай отырып, үлкен көлемді жеке меншік қаржыландыруды да қолдағанымен, Шығыс Еуропа елдерінде елеулі нәтижесі болған жоқ. Олар Батыс Еуропа елдерінің жолын үлгі тұтты. Бұл үлгіге сәйкес қаржыландырудың үштен бір бөлігі мемлекет есебінен жүргізулуде. Осылаша бұл елдер осы мәселені жетілдіруде бірнеше механизмдерді ұсынды. Бастапқы ұстанған негізгі төрт бағытты атап өтсе болады. Олар: медициналық қызмет көрсету саласында мемлекеттің рөлінің өзгеруі; жеке меншік секторды осы салаға тарту; пациенттердің таңдау мүмкіндігін арттыру; қоғамдық денсаулықты қорғау жүйесін өзгерту болып табылады. Сөзімізге дәлел ретінде, Польшада осындай түбегейлі реформаларды жүзеге асырудың нәтижесінде орталықтандырылған моделден бір жолата бас тартты. Нәтижесінде провинциялардың билік өкілдері денсаулық сақтау шаруашылығын жүргізуде кеңейтілген құқыққа ие болды.

Солтүстік Еуропа, Ұлыбритания, Алмания, Франция Белгия елдері өздерінің қалыптасқан денсаулық сақтау жүйелерін сақтай отырып, белгілі бір өзгерістерді енгізуде. Атап айтар болсақ, Швеция моделі бойынша денсаулық сақтау жұмысы мемлекеттік қаржыландыру нышандары негізінде жүзеге асырылады. Бұл модел негізінде қаржыландыру жүйесі тікелей жергілікті медициналық жәрдем көрсету жүйесімен байланысты. Осылайша басқару жүйесінің тетіктері жергілікті әкімшілік құзыретінде болғанымен, жергілікті тұрғындар билік органдарының денсаулық сақтауға қатысты саясатын бақылау мүмкіндігіне ие. Еліміздің денсаулық сақтау министрілігі көбіне осы жүйенің дамуының стратегиясын қарастырып, шығындар болжамы мен ұзақ мерзімді жоспарларды, кадр дайындау мен ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен шектеледі.

Халық денсаулығын сақтау жүйелерін реформалау проблемаларын қарастырғанда, посткеңестік өтпелі кезең тұсындағы әлеуметтік экономикалық қайшылықтарға тоқталған жөн. Бүгінде денсаулық сақтау саласының елеулі мәселерінің бірі медициналық қызмет көрсету ақысының өсуі себебінен тұрғындардың басым бөлігіне бұл қызмет түрі қол жетімді болмай отырғандығы. Әртүрлі жұқпалы дерттермен, созылмалы дерттерді емдеу қымбат бағалы дәрі-дәрмектермен және емдеудің жаңа технологияларын талап еткендіктен себеп болып отыр.

Жалпы алғанда, медициналық қызметтер нарығы халықтың денсаулығын сақтау және нығайту, әл-аухатын арттыру сондай - ақ мемлекеттің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ұлттық қауіпсіздігі үшін өлім-жітім деңгейін төмендету мақсатында медициналық

қызметтерді өндірушілердің (медициналық қызметтер көрсететін ұйымдардың) және тұтынушылардың (пациенттердің) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Қорытындылай келе, медициналық қызметтер нарығын жүзеге асырудың әртүрлілігіне қарамастан, медициналық қызмет көрсетудің негізгі ұстанымы қоғамымыздағы барлық азаматтардың осы қызмет түрін тұтытуда жалпыға бірдей теңдікпен қолжетімді болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Райзберг Б.А. Курс управления экономикой /Б.А. Райзберг. СПб.: Питер, 2013.
2. Маркетинг, лизинг, логистика в здравоохранении /Р.А. Галкин, С.И. Двойников, В.В. Павлов и др. Самара – СПб.: Перспектива, 2010. 176 с.
3. Природа и особенности рынка добровольного медицинского страхования в странах Европейского союза /В.З. Кучеренко, Л.А. Берестов, С.А. Мартынчик и др. //Экономика здравоохранения. 2016. № 6. С. 5-14.
4. Столяров С.А. Рынок медицинских услуг: некоторые его характеристики, проблемы и аспекты управления /С.А. Столяров; 3-е изд., испр. и дополн. Барнаул: Аз Бука, 2015. 269 с.

УДК 33.331

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абилхан Диана Еркебұланқызы

Лауия Азат Саидыбатталұлы

azaruto1303@gmail.com

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика және Кәсіпкерлік кафедрасының

3 курс студенті

Ғылыми жетекші – Карипова Айнұр Тұрсынбаевна

Экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси өмірдің өте маңызды және жан-жақты салаларының бірі «жұмыспен қамту және жұмыссыздық» болып табылады. Қазақстанда жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты тұрақты және ауқымды реттеу осы саладағы көптеген үрдістерді айқындайды. Атап айтқанда, жұмыс күшінің ұтқырлығына, жұмыссыздық пен жұмыспен қамту көрсеткіштерінің ауқымы мен серпініне көптеп әсер етеді.

Жұмыссыздық-бұл тек жұмыстың болмауы ғана емес, сонымен бірге адамдарға күшті және жойқын әсер ететін әлеуметтік апат. Сондықтан жұмыспен қамту және жұмыссыздық проблемаларын зерттеу және оларды шешу жолдарын іздеу қазіргі кезеңдегі маңызды ғана емес, сондай-ақ өте өзекті мәселе болып табылады. Жұмыссыздық проблемасы Қазақстанның экономикалық белсенді халқының барлық бөлігіне қатысты, бірақ жастар үшін ерекше маңызды. Жаңа нарық жағдайындағы жастар еңбек ресурстарының ең осал және бәсекеге қабілетті санаттарының бірі болды. Жұмыссыздық проблемасы Қазақстанның экономикалық белсенді халқының барлық бөлігіне қатысты, бірақ жастар үшін ерекше маңызды. Жаңа нарық жағдайындағы жастар еңбек ресурстарының ең осал және бәсекеге қабілетті санаттарының бірі болды. Отандық болмыс жастар жұмыссыздығының негізгі себебі кадрларды іріктеу кезінде айқындаушы өлшем болып табылатын кәсіби тәжірибенің жетіспеушілігі болып табылатынын көрсетеді.

ҚР-дағы соңғы жылдары қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай айтарлықтай тұрақты болып қалуда: шағын бизнес саласындағы кәсіпорындар саны өсуде; жұмыс орындары мен Бос орындар саны ұлғаюда; білікті еңбекке сұраныс пен ұсыныс ұлғаюда.

Негізінен айтатын болсақ жұмыспен қамту мәселелері жастарға қатты әсер береді. Жастардың жұмыссыздығына, ең алдымен, әлеуметтік-психологиялық сипаттамалар әсер етеді – үміткерлердің шамадан тыс амбициясы, кәсіби немесе мансаптық дамуды қажет етпейтін жоғары лауазымға немесе лауазымға бірден орналасуға деген ұмтылыс, кәсіби қызметті жүзеге асыруда ұзақ мерзімді жоспарлардың болмауы.